

• **Білім Басты Назарда!**

ҚАЗАҚСТАНДА ПЕДАГОГТЕРДІ ЖҰМЫСҚА ҚАБЫЛДАУДЫҢ ЖАҢА ТӘРТІБІ ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛУДА

ҚР Премьер-Министрі Әлихан Смайыловтың төрағалығымен өткен Үкіметтің кезекті отырысында жаңа оқу жылына дайындық мәселелері қаралды. Осы мәселе бойынша оқу-ағарту министрі Асхат Аймағамбетов, ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек баяндама жасады. Жаңа өңірлердің оқу жылына дайындығы туралы Абай облысының әкімі Нұрлан Ұранхаев, Жетісу облысының әкімі Бейбіт Исабаев және Ұлытау ауданының әкімі Берік Әбдіғалиұлы баяндады.

Оқу-ағарту министрі Асхат Аймағамбетов министрліктің жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп, жаңа оқу жылына дайындық жұмыстарын жүргізіп жатқаны туралы хабарлады. «Жаңа оқу жылында елімізде 3,6 млн баланы және 384 мың педагогті қамтитын 7 637 мектеп жұмыс жасайды. Келесі оқу жылы 1 қыркүйекте басталып, 36 аптаға созылып, 31 мамырда аяқталады. Яғни жаздың 1 күнінен бастап оқушылар дәстүрлі жазғы демалыстарына шығатын болады. Сәйкесінше жаз айлары толығымен балалардың демалыс уақыты бола береді», — деді министр. Оның айтуынша, жазғы демалыстың ұзақтығы білім саласындағы көшбасшы елдермен салыстырғанда ең ұзақ болып — 92 күнді құрайды. Жалпы бір оқу жылында балаларға 4 рет демалыс қарастырылған. Оған қоса демалыс және мереке күндерін есептегенде, балалар жыл бойы барлығы 192 күн демалып, тек 173 күн мектепке баратын болады. Оқу-ағарту министрінің мәлімдеуінше, жаңа оқу жылында мектептерге қатысты бірқатар жаңашылдықтар енгізілген.

Біріншіден. Арнайы зерттеулер мен сараптамалардың қорытындыларына сәйкес, 1-сынып оқушысына үш тілді бірден меңгеру қиын екенін анықталды. Бала алдымен өз тілінде оқып және жаза білуі тиіс. Осыған орай, қазақ тілді мектептерде 1-сынып оқушысын тек қазақ тілінде оқыту, ал орыс тілді мектептерде қазақ тілі мен орыс тілін оқыту туралы шешім қабылданды.

Қазақ тілді мектептерде екінші сыныптан бастап орыс тілі енгізіледі, ал ағылшын тілі барлық мектептерде үшінші сыныптан басталады. Сонымен бірге оқушыларды ерте кәсіби бағдарлау үшін «Еңбекке баулу» және «Бейнелеу өнері» пәндері 1-сыныптан бастап енгізілді. Музыка пәнінің аясында 6-сынып оқушылары өз қалауымен домбыра аспабында ойнауды үйрене алады.

Және де мектептерде қосымша факультатив есебінен шахматты дамытуға мүмкіндік беріледі. Менеджементті және мектептегі кадр сапасын күшейту үшін де өзгерістер еңгізілді.

«Биыл біз білім беру ұйымдарының басшыларын ротациялау институтын еңгіздік. Қазірдің өзінде 431-і директор ротациядан өтті. Педагогтерді жұмысқа қабылдаудың жаңа қағидалары да іске асырылып жатыр. Жұмысқа қабылдау енді конкурс бойынша педагогтің білімі, еңбек өтілі, біліктілік саясаты және кәсіби жетістіктері сияқты критерийлердің негізінде жүргізіледі», — деді А. Аймағамбетов.

Бұған қоса педагогтерді Ұлттық біліктілік тестілеу арқылы жұмысқа алу тәртібі қабылданды. Яғни енді дипломының ғана негізінде емес, қосымша өз пәні бойынша тестілеуден өткендер ғана мектепке жұмысқа қабылданбақ.

Зерттеулерге сәйкес, білім сапасы мектеппен ата-ананың қарым қатынасына да байланысты. Енді ол жаңа форматта ұйымдастырылады, ата-аналардың жиналастары да заманауи және тиімді форматта өткізіледі.

МЕКТЕПТЕРДІҢ ИНФРАҚҰРЫЛЫМЫ БОЙЫНША

261 мектепті күрделі жөндеумен қамту қарастырылған. 1 қыркүйекке дейін 213 мектепте жөндеу жұмыстары аяқтау жоспарланып отыр. Алайда 12 өңірде, әсіресе БҚО-да 12, Алматы облысында 5, Түркістан және Жетісу облыстарында 4, Атырауда 3 күрделі жөндеу жұмыстарын мерзімінде бітірмеу қаупі бар.

Шамамен бұл мектептерде жөндеу жұмыстары жылдың соңына дейін созылуы мүмкін. Осыған орай, көрсетілген

өңір әкімдіктері 48 мектепте оқыту процесін ұйымдастыру үшін уақытша сабақ өткізетін орындарды анықтап, балалардың жаңа оқу жылында қауіпсіз және қолайлы ортада білім алуына жағдай жасауы тиіс.

ВАКЦИНАЦИЯДАН ӨТУ БОЙЫНША ЖҰМЫС БЕЛСЕНДІ ЖҮРГІЗІЛІП ЖАТЫР.

Мектептегі педагогтердің 73%-ы және колледждегі педагогтердің 70%-ы қайта вакцина алды. 1 қыркүйекке дейін барлық педагогтер өзінің және білім алушылардың қауіпсіздігі үшін қайта вакцина алуы керек.

Оқулық мәселесі бойынша: Бүгінгі күні өңірлерде оқулықтарды жөнелту және жеткізу жұмыстары 67%-ға орындалды. 2-сынып оқулықтардың 79%-ы жеткізілді. «Контингенттің ұлғаюы және миграциялық көші-қонға, кітаптардың ескіруіне байланысты 1,3-11 сыныптардың оқулықтары қосымша сатып алынды», — деді министр.

«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында мектеп кітапханаларына 2 млн-ға жуық данада жаңа балалар үшін қызықты көркем әдебиет сатып алынады. Ведомство басшысының айтуынша, жаңа оқу жылында балаларды кітап оқуға баулу жұмыстары әрі қарай жалғасады.

МЕКТЕПТЕРДІҢ ҚҰРЫЛЫСЫ БОЙЫНША

Жергілікті әкімдіктер биыл 225 мектеп салуды жоспарлады. Оқу жылының басына дейін 21 мың орынға 41 мемлекеттік мектепті және 15 мың орынға 40 жеке меншік мектепті ашу бойынша жұмыстар аяқталуы тиіс.

«Әр өңірге нақты көрсеткіштер бекітілген. Бүгінде өңірлердің көбінде үш ауысыммен оқытатын және апатты мектептер бар. Әсіресе Алматы облысында 56 мектеп үш ауысыммен оқытады, олардың саны жылдан жылға одан сайын көбейіп келеді», — деді Асхат Аймағамбетов. Аталған проблеманы шешу үшін әкімдіктер жаңа оқу жылына дейін мектептерді мерзімінде қолданысқа енгізу, жылдың соңына дейін қалған мектептерді де салып бітіру бойынша шара қабылдаулары қажет. 25 мыңнан астам балаға мектепке бару үшін тасымал қажет. Мектептердің автопаркінде 1 066 автобус бар.

ҚР Үкіметінің баспасөз қызметі

САЛЫҚ ЖҮЙЕСІ ОҢ БОЛСА, ТҮСІМ ДЕ МОЛ БОЛАТЫНЫ БЕЛГІЛІ



Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитетінің Солтүстік Қазақстан облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментінің Тайынша ауданы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасы 14 тамызда өздерінің кәсіби мерекесін атап өтті.

Тұңғыш Президентіміздің мемлекетімізді дамыған 30 елдің қатарына кіргізуді тапсырған «Қазақстан - 2050» Стратегиясына сәйкес, 2014 жылы мемлекетіміздің қазыналық органдарын біріктірген Мемлекеттік кірістер комитеті құрылды. Комитеттің басты міндеті кәсіпкерлік саланы дамытуды ынталандыру, «экономикалық құқықтық тәртіпті» қамтамасыз ету және барынша тиімді қызмет құру.

Нарықтық экономиканың негіздерін қалыптастыруға бағытталған Қазақстандағы әлеуметтік-экономикалық өзгертулер еліміздің салық жүйесін түп тамырымен өзгертуді талап етті. Салық салу жүйесіндегі өзгерістер салық салуда жүйелілік, теңдік, салықтық әкімшілікте әділдік, ашықтық, қарапайымдылық пен нәтижелілік принциптерінде құрылды.

Салықтың толық түсуін қамтамасыз ету мемлекеттік кірістер органдары қызметінің басты бағыты болып табылады.

Ағымдағы жеті айдағы мемлекеттік бюджеттің жоспарын орындау біздің аудан бойынша 100,5 пайыз, салықтар мен басқа да міндеттердің түсу фактісінің абсолют сомасы 4 209,0 млн.теңге, оның аудан бюджетінің кірісіне 1 154,8 млн.теңгесі түсті немесе аудан бюджетінің болжамы 107,1 пайызға орындалды.

Салық төлеушілерді салық төлеуге тартуда, сондай-ақ салық заңнамасындағы құқық бұзушылықтарды ескертуде көпшілік түсіндіру жұмыстарының маңызы зор. Заманауи қоғамда салық мәдениеті қалыптасуда, салық төлеушілер мемлекет алдындағы міндеттерін адал орындауы сияқты салық төлеушінің өз мүдделерін қорғау құқығы мүмкіндігі бар.

Берілген тапсырмаларды жүзеге асыру мақсатында салық органдары жұмысының басты бағытының бірі жемқорлықпен күрес болып табылады, оған бірнеше кешенді шаралар жатады: салықтық әкімшілік рәсімдерін автоматтандыру, электронды қызмет көрсету тізімін кеңейту, электронды үкімет – бұл мемлекет пен азаматтардың өзара әрекет жасау-



дың бірыңғай механизмі. Мемлекеттік қызметтерді мынадай электронды қызметтерді қолдану арқылы алуға болады: МСК «Салық төлеушінің кабинеті» (cabinet.salyk.kz), «Электронды үкімет» порталы (egov.kz) ЭҮП, eSalyq azamat және E-Salyk Business мобильді қосымшалары, (SalyqBot) бот чаты.

Тайынша ауданы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасының қызметкерлері ағымдағы жылдың жеті айында жеті семинар мен «дөңгелек үстел» өткізді, жемқорлыққа қарсы күрес тақырыбына газетке сегіз мақала, әлеуметтік желіде 545 мақала жариялады. Басқарма қызметкерлеріне оқу өткізілді. Салық төлеушілерге салық туралы есеп берудің, мемлекеттік қызметтер алу үшін барынша ыңғайлы жағдай құру мақсатында Қызмет көрсету орталықтары ұйымдастырылды. Біздің Мемлекеттік кірістер басқармасының салық төлеушілермен жұмыс бойынша бөлімінде осындай орталықты Е.Машкова-Новикова басқарады. Жеті айда 15 902 мемлекеттік қызмет көрсетілді, оның 15 877 немесе 98,8 пайызы электронды түрде. Орталықта салық салу және мемлекеттік қызмет көрсету туралы мемлекеттік және орыс тілінде толық ақпарат беретін стендтер рәсімделген.

Салықтар мен төлемдердің толық түсуін қамтамасыз ету үшін қосымша қорлар анықталды, бұл мәселелермен салықты бақылау және өндіру бөлімі айналысады, бөлім басшысы Е.Шевелёва. Бұл бөлімде үнемі заңды тұлғалардың салық салу базасын ұлғайту, жасырылған салықты анықтау есебінен бюджеттің кіріс бөліміне қосымша салық көздерін өндіру бойынша жұмыс жүргізіледі, сондай-ақ салық төлеушілерден салық бойынша берешектерді өндіру, міндетті зейнетақы жарнасы мен мемлекеттік сақтандыру қорына әлеуметтік төлемдер өндіру бойынша тиімді жұмыс осы бөлімнің қызметіне жатады.

Адамдардың өмір сүру деңгейі, әлеуметтік және экономикалық өсім, мемлекеттік жобалар мен бағдарламалардың жүзеге асырылуы біздің жұмысымыздың жақсы атқарылуына байланысты. Біздің қызметкерлер бюджетке салық төлемдерінің толық және уақытылы түсуін бақылау бойынша өздеріне жүктелген міндеттерді ойдағыдай орындап жүр деп сеніммен айтуға болады. Олардың еңбексүйгіштігі мен кәсібилігінің арқасында мемлекет бюджетіне салықтар толығымен және уақытылы түседі.

Салық төлемдерін жинаудан басқа, СҚО бойынша МҚД «Тайынша» бекетінде басшысы Б.Қалиев және бас маманы Г.Жетібев экспорт-импорттық операциялар мен кеден төлемдерін басқару тұрақты негізде іске асырылады.

Салықтың толық түсуі, бюджетке берешекті өндіруді қамтамасыз ету мәселесі мемлекеттік кірістер басқармасы басшысының орынбасары Ш.Сәрсеновтің тұрақты бақылауында.

Салық басқармасы салық органдары жұмысының қалыптасуына, нығаюына мүмкіндік туғызған әрбір қызметкердің еңбегінің арқасында үлкен жетістіктерге қол жеткізді, олар: А.Баймұлдинов, Б.Тиқбаев, А.Сүлейменов, Л.Клепчар, М.Бексұлтанов, сондай-ақ жас мамандар Д.Кенжеқозы, Е.Әшімов, А.Ахметбекова. Ауданымыздың салық қызметінің қалыптасуы мен нығаюына еселі үлесін қосқан, қазіргі кезде зейнеткерлік демалыстағы Л.Бұра, Б.Базарбаев, М.Кабачёк, М.Ағзамов, Л.Ячменевті ерекше атап өткім келеді.

Салық қызметінің ұжымы мен ардагерлерін Мемлекеттік кірістер органдарының құрылған күнімен құттықтаймын. Отанымыздың игілігі үшін табысты еңбек, зор денсаулық, таусылмас қайрат, амандық, көтеріңкі көңіл-күй, өмір жолында тек бақыт пен жақсылық тілеймін. Біз Мемлекеттік кірістер органдарының беделін көтеру мақсатында аудан әкімдігімен бірлесе отырып, жылдық жоспарды бекітеміз. Сыбайлас жемқорлыққа мүлдем төзбеушілік қағидаты бойынша да тиісті іс-шаралар ұйымдастырылуда. Осындай жоспарлы жұмыстар уақытылы атқарылуда. Ең бастысы, салық жүйесі оң болса, түсім де мол болатыны белгілі.

АБЛАЙ НҰРТАЗИН, Тайынша ауданы бойынша Мемлекеттік кірістер Басқармасының басшысы.

• Денсаулық

САҚТЫҚ ШАРАЛАРЫН ҰМЫТПАЙЫҚ

Сарапшы ата-аналардан балаларды ауру жұқтыру қаупіне ұшыратпауды сұрады

Қауіпті топтағы балаларда коронавирус ауыр түрде өтпейді, бұл ауру олардың жағдайының нашарлауына әкеледі.

Бұл санатта осал адамдар кім? Бұл туралы Астана медицина университетінің балалар жұқпалы аурулары кафедрасының меңгерушісі, ҚР ДСМ штаттан тыс бас инфекционисті, медицина ғылымдарының докторы Динагүл Баешева айтып берді.

Балалар дүниеге келгеннен кейін алғашқы үш айда ауруға осал болады. Сондай-ақ қандай да бомласын орталық жүйке жүйесінің ауыр зақымдануы бар балалар; құрсақшілік инфекциялар; ақуыз-энергия жеткіліксіздігі; туа біткен ақаулар және созылмалы, соматикалық және онкогематологиялық аурулар.

«Әрине, иммуносупрессанттарды, глюкокортикоидтарды, цитостатиктерді ұзақ уақыт қолдану маңызды. Сондықтан балалардың осы контингентін қорғау керек: олар ауырмайтындай. Егер 5 жасқа дейінгі балада COVID немесе COVID емес, тұмау, ЖРВИ болса; бала ембесе немесе сүіше алмаса; баланың жағдайы нашарлап, температурасы төмендемесе; тыныс алуы жиілесе немесе қиындаса – ата-аналар, баланың жанындағы адамдар бұл аурудың қауіпті белгілері екенін білуі керек. Медициналық көмекке жүгіну керек. Мұндай жағдайларды анықтап, алдын алуымыз керек. Уақытылы медициналық көмекке жүгінсе, бұл балалар аман қалады. Ең бастысы - баланың жағдайы

ын асқындырмау және декомпенсациялауға жол бермеу», - деп ескертті қазақстандық сарапшы.

Балалардағы инфекцияның ерекшеліктері: қатар жүретін аурулар болса, ұзаққа созылады немесе иммунитеті жақсы болса, аз ғана уақыт ауырады. Семіздік, созылмалы аурулары бар жасөспірімдерде ауру өршуі мүмкін. Коронавирус тұмау сияқты, қан тамырының эндотелиясына әсер етеді. Сондықтан сарапшы КВИ-дің жеңіл ағымына алданып қалмаңыздар деп ескертті. Балаларға қауіп төндірудің қажеті жоқ: адамдар көп жиналатын жерлерге сәбилерді апарыңыздар. Қол жуу, маска тағу, жөтел, температура болғанда оқшаулану ережелерін сақтау керек.

Орталық коммуникациялар қызметі



Ерлан Саиров коронавирустың өршуіне байланысты өңірлерде қажетті вакциналар қорын қалыптастыруды ұсынды

Мәжіліс депутаты Ерлан Саиров елімізде коронавирустың өршуіне байланысты аймақтарда түсіндіру жұмыстарын жүргізіп, қазақстандықтарды сақтық шараларына көңіл аудартуға шақырады.

«Құрметті достар! Коронавирус дерті дүниені тағы да қарпып барады. Солтүстік Америка, Еуропа елдерінде бұл дертпен ауырғандар саны күрт артуда. Қазақстанда да бір күннің ішінде коронавируспен ауырғандар саны 820-ға жетіп отыр. Тенденция күрделі және оңай емес. Осы тұрғыда «Қазақстанда жағдай күрт өзгергенде азаматтарға қажетті вакцина бар ма?» деген сұрақ туады. Жалпы, біздің медицина саласы коронавируспен күресуге дайын ба, өткеннен сабақ алдық па? «Жаман айтпай жақсы жоқ» демекші, жағдай насырға шауып кетсе, тағы да «әттеген-ай» деп қалмаймыз ба?»

Менің ойымша, қазірдің өзінде аймақтарда түсіндіру жұмыстарын жүргізе отырып, әрбір азаматқа сақтану шараларына көңіл аударудың қажеттігін түсіндіру өте маңызды! Осы орайда Мәжілістің «Жаңа Қазақстан» депутаттық тобы атынан Денсаулық министрлігіне, облыстық әкімдермен, орталықтағы және өңірлердегі қоғам өкілдерімен біріге отырып, қажетті вакциналар қорын қалыптастыру, коронавирустың алдын алу мәселесіне баса назар аудару қажет деп есептейміз. «Сақтансаң сақтаймын» дейді, сақтануды барлығымыз бірігіп жасайық!»

ҚР ЕҢБЕК ЖӘНЕ ХАЛЫҚТЫ ӘЛЕУМЕТТІК ҚОРҒАУ МИНИСТРІ ТАМАРА ДҮЙСЕНОВА ЖҰМЫС САПАРЫМАН ТАЙЫНША АУДАНЫНДА БОЛДЫ

ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі Тамара Дүйсенова Солтүстік Қазақстан облысына жұмыс сапары барысында Келлеровка ауылында болып, еңбек ресурстарының ұтқырлығын арттыру аясында өңірге оңтүстік облыстардан көшіп келген азаматтардың өмір сүру жағдайымен танысты.



Тамара Дүйсенова Тайынша ауданы Келлеровка ауылының активімен кездесу өткізді, оның барысында Мемлекет басшысының әлеуметтік-еңбек саласы, халықты әлеуметтік қолдау және жұмыспен қамту шаралары жөніндегі тапсырмаларын іске асыру туралы айтты. Сонымен қатар, жоғары мәртебелі мейман жиналған көпшіліктің сұрақтарына тұжырымды жауаптар берді. Көпшілікті толғандырып жүрген кейбір мәселелер бойынша жекелеген азаматтарға кеңес те берді.

Министр сондай-ақ еңбек ресурстарының ұтқырлығын арттыру аясында республиканың оңтүстік өңірлерінен осы Келлеровкаға көшіп келген ауыл тұрғындарының үй-жайларын аралады. Толық мәліметтерге келер болсақ,

2016 жылдан бастап, жұмыс күші артық өңірлерден жұмыс күші тапшы өңірлерге азаматтардың ерікті түрде қоныс аударуы бойынша шаралар іске асырыла бастағандан бері Солтүстік Қазақстан облысына 287 отбасы (959 адам), оның ішінде 2022 жылдың басынан бастап 25 отбасы (94 адам) көшіп келді. Келлеровка ауылдық округіне 22 отбасы (85 адам), оның ішінде осы жылы – 4 отбасы (17 адам) келді.

Келлеровка ауылында қалу туралы шешім қабылдаған барлық қоныс аударушы тұрғын үймен қамтамасыз етілді. Еңбекке қабілетті жастағы 34 қоныс аударушының 23-і тұрақты жұмыс орындарына орналастырылды, 5 адам өз ісін ашты, 6 адам бала күтімімен және үй шаруашылығын жүргізумен айналысады.

Қоныс аударушылар отбасыларының балалары балабақша мен мектепке орналастырылған.

Қоныс аударушылардың өмір сүру жағдайымен танысқан Тамара Дүйсенова еңбек ресурстарының ұтқырлығын арттыру шеңберіндегі шараларды іске асырудың оң нәтижелерін атап өтті. Ол өз сөзінде:

«Бастапқыда бұл шаралар Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде көзделген болатын, быдан бастап олар «Қуатты өңірлер – ел дамуының драйвері» ұлттық жобасы шеңберінде іске асырылуда. Ерікті түрде қоныс аудару екі мәселені шешуге мүмкіндік береді: өз өңірлерінде жұмысқа орналаса алмаған қазақстандықтарды жұмыспен қамтамасыз ету және жұмыс берушілерді қажетті еңбек ресурстарымен қамтамасыз ету. Келлеровка ауылының үлгісінде қоныс аударушылар үшін жақсы өмір сүру үшін барлық қажетті жағдайлар жасалғаны байқалады», – деді Еңбек министрі.

Естеріңізге сала кетейік, өңіраралық ерікті қоныс аударуға жұмыс іздеп жүрген адамдар, жұмыссыздар және олардың отбасы мүшелері қатысады.

«Қуатты өңірлер – ел дамуының драйвері» ұлттық жобасымен (бұдан әрі – ұлттық жоба) Алматы, Жамбыл, Маңғыстау, Түркістан, Қызылорда облыстары, сондай-ақ Алматы, Шымкент және Нұр-Сұлтан қалалары қоныс аударушылардың шығу өңірлері болып айқындалды. Қандастар мен қоныс аударушыларды қабылдау өңірлері: Ақмола, Қарағанды, Шығыс Қазақстан, Қостанай, Павлодар, Солтүстік Қазақстан облыстары.

Ұлттық жоба шеңберінде ерікті түрде қоныс аударуға қатысушылар үшін субсидиялар түрінде мынадай мемлекеттік қолдау шаралары ұсынылады:

- отбасының әрбір мүшесіне көшуге 70 АЕК мөлшерінде біржолғы төлем (2022 жылы – 222,6 мың теңге);

- тұрғын үйді жалдау және коммуналдық қызметтерге ақы төлеу шығындарын жабу үшін төлем 1 жыл ішінде ай сайын төленеді. Төлем мөлшері қалаға қоныс аударғандар үшін бір адам үшін 20 АЕК - тен (61,3 мың теңге), отбасы мүшелерінің саны бес және одан көп адам болса 30 АЕК-ке (91,9 мың теңге) дейін, ауылдық жерлерге қоныс аударғандар үшін – бір адам үшін 15 АЕК-тен (45,9 мың теңге) бастап, отбасы мүшелерінің саны бес және одан көп болса 21 АЕК-ке дейін (64,3 мың теңге) құрайды.

Ерікті қоныс аударушыларға жұмыс орындары және жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің басқа да шаралары ұсынылады.

Өңіраралық қоныс аударуға жәрдем көрсететін жұмыс берушілерге кемінде 2 жыл мерзімге тұрақты жұмысқа орналасқан және тұрғын үймен қамтамасыз етілген әрбір қызметкер үшін 400 АЕК мөлшерінде жұмысқа орналасуға біржолғы субсидия түрінде мемлекеттік қолдау шаралары көрсетілетін болады.

Жиналған көпшілік, қарапайы халық Мемлекет басшысының әлеуметтік-еңбек саласы, халықты әлеуметтік қолдау және жұмыспен қамту шаралары жөніндегі тапсырмаларын іске асыру барысындағы атқарылып жатқан жұмыстар бойынша ақпараттар алды.



Гүл ЖАМАШҚЫЗЫ, «Тайынша таңы»



ҚҰҚЫҚТЫҚ СТАТИСТИКА КӨРСЕТЕТІН МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТТЕР

* * *

2020 жылғы қазанда және 2021 жылғы сәуірде Мемлекеттік қызмет тізіліміне өзгерістер енгізілді, атап айтқанда тізілімнен 9 мемлекеттік қызмет алынды, соның бірі ҚР БП Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеті көрсететін мемлекеттік қызмет «Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің есептері бойынша тұлғаның әкімшілік құқық бұзушылық жасағаны туралы мәлімет беру» анықтамасы болып табылады. Мемлекеттік қызмет оны толық автоматтандыруға және порталдағы «жеке кабинет» арқылы ұсынуға байланысты тізілімнен шығарылды.

Бұл процесстің автоматтандырылуы азаматтардың мемлекеттік корпорацияны және қызмет берушінің кеңсесін айналып өтіп, жсн бойынша онлайн режимде әкімшілік анықтамасын алуға мүмкіндік берді. Анықтама алу уақыты 3 жұмыс күнінен 15 минутқа дейін қысқарды. Азаматтар мен мемлекеттік органдардың арасындағы артық қағаз айналымын жою мақсатында, «электрондық үкімет» порталында шығу құжатын басып шығару мүмкіндігінсіз ақпаратты қарау режимінде көрсету жүзеге асырылғаны туралы халыққа түсіндіру жұмыстарын жүргізу, шығу құжатын басып шығару мүмкіндігінің болмауы техникалық ақаудың салдарынан емес екендігін көрсетеміз. Сонымен қатар, «Анықтаманы үшінші тұлғамен алу сервисі» және eGov mobile арқылы әкімшілік анықтаманы үшінші тұлғамен алу мүмкіндігі жүзеге асырылған. Бұдан басқа, көрсетілген ақпараттарды еркін қолжетімділікте «Өзіңнің айыппұлыңды біл» атты қосымшадағы Комитеттің <http://qamqor.gov.kz> сайтынан, өзінің ЖСН және жеке бас күәлігінің нөмірін енгізе отырып алуға болады. Бүгінгі күнде, үш мемлекеттік қызметті оңайлатылған және жеделдетілген жол арқылы порталдан алу мүмкіндігі жүзеге асырылған. Сонымен, «Соттылықтың болуы не болмауы туралы анықтама беру» мемлекеттік қызметі толықтай автоматтандырылған. Мемлекеттік қызмет көрсетуге құжаттар қабылдау және нәтижесін беру портал арқылы жүзеге асырылады. Жүргізілген бұл жұмыс азаматтардың сұрауларының көп бөлігін үйден шықпай, 10 минуттың ішінде алуға мүмкіндік берді. Қызметтерді оңтайландыру аясында азаматтарға оны ұялы байланыстың абоненттік қондырғылары арқылы, яғни порталдың ұялы түрі арқылы алу мүмкіндігі ұсынылған. Азаматтар үшін тағы да бір ыңғайлылық шет елге шығу үшін анықтамаға сұрауды электронды түрде беру мүмкіндігі, қағаз жүзінде алуға өтініш білдірген Мемлекеттік корпорацияның филилдарының мекенжайын таңдай отырып. Бұрын сұрау тек қағаз жүзінде міндетті түрде Мемлекеттік корпорацияға барып жолданатын. Порталда «Анықтаманы үшінші тұлғамен алу сервисі» көмегімен сұрау салған бастамашы өз бетінше егерде бұл тұлғаның келісімі болған жағдайда, басқа тұлғаға қатысты электрондық сұрау жолдай алады. Электрондық анықтама алуға Мемлекеттік корпорацияның фронт-кеңсесіне азаматтарды жіберудің қажеті жоқ. Анықтаманы «eGovKzBot» қосып Telegram мессенджері көмегімен де алуға болады. Анықтама алуға керектің барлығы - азаматтардың мобильді базасына тіркелу болып табылады. Соттылықтың болуы не болмауы туралы анықтаманы апостильмен беру бізге оны азаматтарға композитті беруге мүмкіндік берді, яғни «бір өтініш» қағидаты бойынша. Бұл үшін композитті қызмет алуға өтінішті электронды түрде беру, электрондық үкіметтің төлем шлюзінің көмегімен онлайн режимде баж салығын төлеу, қағаз жүзінде нәтижені алу үшін, порталда Мемлекеттік корпорацияның филилдарының мекенжайын таңдау мүмкіндігі жүзеге асырылған. «Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеті және оның аумақтық басқармаларының архивтері шегінде архивтік анықтамалар және/бол-маса архивтік құжаттардың көшірмесін беру» мемлекеттік қызметі жеке және (немесе) заңды тұлғаларға электронды (жартылай автоматтандырылған) және (немесе) қағаз жүзінде көрсетіледі. Архивтік анықтама алу үшін қызмет алушы портал және Мемлекеттік корпорация баламасы арқылы туыстығын растайтын құжаттардың көшірмесін қоса сала отырып, өтініш береді, қажет болған жағдайда оны апостильмен бірге композитті түрде ала алады. Мемлекеттік органдардың аумақтық бөлімшелерінің кадр қызметтері азаматтарға жүк салмай, құқықтық статистика және арнайы есепке алу органдарының мәліметтерін дербес құрамды басқарудың «Е-Кызмет» интеграцияланған ақпараттар жүйесі арқылы өздері ала алады.

ҚР БП ҚСЖАЕК Солтүстік Қазақстан облысы бойынша басқармасы.

МӘРТЕБЕЛІ МАРАПАТ ИЕЛЕРІ

Биыл теміржолшылардың төл мерекесі – Көлік қызметкерлерінің күні Ұлттық компанияның 25 жылдығымен қатар атап өтілді. Еліміздің Ерен еңбегімен ерекшеленген 80-ге жуық сала қызметкері «Құрметті теміржолшы» атағына ие болып, жүздеген адам «ҚТЖ-25 жыл» мерейтойлық төсбелгісімен марапатталды.

Темір жол – еліміздегі көлік саласының басты артериясы, сонымен қатар ел экономикасының дамуына зор үлесін қосып келе жатқан сала. Міне, осы салада тер төгіп жүрген жүздеген-мыңдаған теміржолшы, қызметкерлеріміз компанияның өсіп-өркендеуі жолында аянбай еңбек етіп келеді. Былтырғы табыс – соның нақты айғағы. Өткен жылы компания негізгі өндірістік көрсеткіш саналатын жүк айналымы бойынша тәуелсіздік жылдарында тарихта болмаған ең жоғары межеге қол жеткізді, бұл көрсеткіш – 239 млрд тонна км-ді құрады. Былтыр Қазақстан аумағы арқылы 1 миллионнан астам жүк тиелген транзиттік контейнерлер жүріп өтті. Міне, осынау мереке күні, дәлірек айтар болсақ, Көкшетау жол дистанциясының Көлік қызметкерлері күніне арналған мерекелік іс – шарасы Октябрь стансасы төңірегінде орналасқан Аймақ ауылында өтті. Аймақ негізгі мектебінің төңірегінде өткен мерекелік шара өте жоғары деңгейде өтті. Бірінші болып сөз алған «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы «Ақмола магистральдық желі

бөлімшесі» филиалының Көкшетау жол дистанциясының бастығы Нұрлан Алтынбекұлы Мұхатаев жиналғандарды мерекемен құттықтады. Ол өз сөзінде: Елімізде теміржолдың әлеуметтік-экономикалық дамуына қосатын үлесі зор, деді. Одан әрі Теміржол- адамдардың тағдыры, бүкіл әлем, шексіз жолдар екенін айта келіп, өмірін темір жол саласына арнаған, осы мамандықты игерген бірқатар азаматтарға марапаттар табыс етті. Жалпы Көкшетау жол дистанциясының құрылғанына 96 жыл. Қаншама отбасы осы мамандықпен өздерінің өмірлерін байланыстырып қызмет атқаруда. Жергілікті басшы Сыдық Еркінбек пен бас есепші Әлия Сүлейменова теміржол майталмандарын құттықтап, өздерінің жүрек жарды тілектерін арнады. Осы 96 жыл ішінде қаншама өзгерістер болды, бірақ бірқалпы осы мерекелік іс-шара өтіп жатыр. Азамат Молдахметов мырза да «Теміржол жөндеу» ЖШС-і филиалының атынан құттықтау сөз айтты. Теміржолшылар өздеріне тиісті жерде поезд қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз етіп отырған алғыс білдіріп, бірқатар азаматтарды марапаттап, Құрмет грамоталары мен Алғыс хаттар табыс етті.

«Ақмола магистральдық желі бөлімшесі» филиалының атынан да осы саладағы әр түрлі маман иелеріне Құрмет грамотасы табысталды. Сонымен қатар, осы бөлімнің өндірістік-техникалық бөлім бастығы В.Х. Бекбергенов «Адал еңбегі үшін» медалімен марапатталды. Ал, А.Д. Кульжа-



нов «Кәсіби бойынша үздік» атағын алды. Осы салада абыройлы еңбек атқарып, бүгінгі таңда зейнеткер ардагерлеріміз де бұл күні ескерусіз қалған жоқ. Өз мамандықтары бойынша адал еңбек етіп, бүгінгі таңда зейнеткер О.Қ.Рыспаева мен М.И.Силиванов та жиналғандарды кәсіби мерекелерімен құттықтады. Көп жылдар теміржол саласында еңбек еткен Орынбасар Ғазизқызы сөз кезегінде: Қымбатты ардагерлер! Сіздерді кәсіби мерекелеріңіз теміржолшылар күнімен құттықтаймын!

267 зейнеткер нағыз еңбек адамы, олар кәсіпорын қамқорлығында екенін айтып өтті. Ал, жас мамандар мен осы салада күнделікті еңбек атқарып келе жатқан кез келген жұмысшының еңбектері үлкен жауапкершілік пен қауіп-қатермен байланысты. Өйткені, жүргізушілер, олардың көмекшілері мен жолсеріктері миллиондаған жолаушылардың өміріне және тасымалданатын мыңдаған тонна жүктерге жауапты. Кез келген техникада күшпен қатар қауіп те жүреді. Жолаушы болсын, жүк тасымалдайтын болсын поездар алыс не жақын жерлерге жүргенде, олардың алда не боларын бол-

жау қиын. Бұл ретте техникалық фактор кәсібилік пен шеберлік, адами фактор әр қызметкердің сабырлылығы мен өз ісіне адалдығы қажет.

Сіздер бүгінгі күні теміржол саласында еңбек етіп, елігілігі үшін елеулі жұмыс атқарып келесіздер. Қоғамдық маңызы зор жауапты қызметтегі біліктіліктеріңіз бен көлік және байланыс саласындағы сүбелі үлестеріңізді біз әрдайым жоғары бағалаймыз. Осы мерекелі күнде Сіздерге мықты денсаулық, толайым табыс, отбасылық амандық және несібелі жетістіктер тілеймін, деді. Ел азаматтары Б.Қ.Сағындықов пен О.С.Құттығожин осы мерекелік іс-шараның ойдағыдай өтуіне ат салысты. Ән-шашуға ұласқан мереке күнінде спорт ойындары да ойналды.

Мерекелік ән-шашу аймақ негізгі мектебінің өнерпаздарымен басталды. Ұстаздар қауымы жерлестеріне ән айтып, би билеп мерекенің ажарын аша түсті. Мерекелік іс-шара барысында қазақтың қара домбырасынан күй шертіліп, сырнай ырғағымен ән айтылды.

Кәсіби мерекелеріңіз құтты болсын, теміржолшылар!



МЕКТЕБІМ, МЕНІҢ МЕКТЕБІМ...



АМАНАТ» партиясы Тайынша аудандық филиалының Партиялық бақылау бекетінің мүшелері Тайынша қаласының №1 орта мектебі мен Вишневка орта мектебінің құрылыс нысандарына мониторинг жүргізді.

Еске салатын болсақ, өткен аптада бұл нысандарда кемшіліктерді анықтау және оларды шешу мақсатында Партиялық бақылау бекеттері ашылған болатын. Партиялық бақылау бекеттері апта сайын бұл нысандарды тексеретін болады. Тайынша қаласының №1 орта мектебінің құрылысы жылдам қарқын алды деуге болады. Бас мердігер «Зерттеу СК» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіндегі жұмыс өндірушісі Д.К.Малгаждаровтың айтуы бойынша, жұмыс күнделікті жақсы

қарқынмен атқарылуда. Жаз бен күздің жылы күндерінде уақытымызды тиімді пайдаланып жұмысымызды атқарып жатырмыз, дейді басшы. Д.К.Малгаждаровтың бұл бесінші жұмыс нысаны екен. Осы уақытқа дейін пайдалануға берілген нысандары бойынша ескерту, сөгіс алып көрмеген жас маманның сөзіне сенсек, келер жылы жаңа мектептің пайдалануға берілетініне сенім мол. Бұл жерде құрылыс жұмыстары биыл маусым айында қолға алынды. Ал, 2023 жылы 31 желтоқсан, яғни жыл соңына дейін білім ошағының есігі айқара ашылады деп үміттенейік.

Гүл Жамашқызы, АМАНАТ» партиясы Тайынша аудандық филиалының Партиялық бақылау бекетінің мүшесі.



КАРАНТИНГЕ ЖАТҚЫЗЫЛҒАН ӨНІМДЕР

Солтүстік Қазақстан облысының өсімдік тектес өнімдері (карантинге жатқызылған өнім), әсіресе Тайынша ауданы мемлекет ішінде де, алыс және жақын шетелдерде де үлкен сұранысқа ие, негізгі импорттаушылар ЕО елдері, Өзбекстан, Түркия, Қытай, Ауғанстан, Тәжікстан, Қырғыстан, сондай-ақ АҚШ, Бельгия, Норвегия, Колумбия, Үндістан сияқты басқа дамыған елдер.

Карантинге жатқызылған өнімді Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге әкету Қазақстан Республикасының өсімдіктер карантині саласындағы халықаралық шарттарында, сондай-ақ заңның және осы Қағидалардың талаптары сақталған кезде карантинге жатқызылған өнімді Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге әкетуге импорттаушы елдің карантиндік фитосанитариялық талаптарына сәйкес тиісті аумақтық бөлімше (көрсетілетін қызметті беруші) беретін осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша фитосанитариялық сертификат болған кезде рұқсат етіледі.

Қазақстан Республикасының аумағынан тыс жерлерге әкетілетін карантинге жатқызылған өнімнің карантиндік жай-күйінің карантиндік фитосанитариялық талаптарға сәйкестігін бастапқы тиіп-жөнелту орындарында және қайталама - теңіз және өзен порттарында (айлақтарында), әуежайларда, темір жол станцияларында, почта операторларының өндірістік объектілерінде, ішкі сауда объектілерінде, автовокзалдарда (автостанцияларда) және экспорттық партияларды қайта тиеу (қалыптастыру) кезінде өзге де объектілерде импорттаушы елдің өсімдіктер карантині жөніндегі мемлекеттік инспекторлары кұәландырады. Карантинге жатқызылған өнімді басқа жерлерге әкетуге фитосанитариялық сертификат алу үшін жеке немесе заңды тұлға (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) “электрондық үкіметтің” www.egov.kz веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы не аумақтық бөлімшенің (көрсетілетін қызметті берушінің) кеңсесі арқылы не “Азаматтарға арналған үкімет” мемлекеттік корпорациясы (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация) арқылы тиісті аумақтық бөлімшеге жүгінеді және мыналарды ұсынады:

Процестің сипаттамасын, нысанын, мазмұны мен нәтижесін, сондай-ақ өзге де мәліметтерді қамтитын карантинге жатқызылған өнімді Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге әкетуге фитосанитариялық сертификат беруге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі осы Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес “Карантинге жатқызылған өнімді Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге әкетуге фитосанитариялық сертификат беру” мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартында баяндалған. Фитосанитариялық тәуекелі жоғары карантинге жатқызылған өнімді облысаралық тасымалдау және карантинге жатқызылған өнімді карантиндік аймақтардан әкету осы Қағидаларға 14-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тиісті аумақтық бөлімше (көрсетілетін қызметті беруші) портал арқылы беретін карантиндік сертификат болған кезде жүзеге асырылады.

Облысаралық тасымалдау кезінде карантинге жатқызылған өнімнің карантиндік жай-күйін өсімдіктер карантині жөніндегі мемлекеттік инспекторлар бастапқы тиіп-жөнелту орындарында және қайталама карантинге жатқызылған өнім пайдаланылатын жерде кұәландырады.

Көрсетілетін қызметті алушылар портал арқылы карантинге жатқызылған өнімді Қазақстан Республикасының аумағында тасуға карантиндік сертификат алу үшін осы Қағидаларға 15-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш жібереді. Жеке тұлғаның жеке басын кұәландыратын құжат туралы, заңды тұлғаны тіркеу (қайта тіркеу), дара кәсіпкерді тіркеу туралы мәліметтерді не дара кәсіпкер ретінде қызметінің басталғаны туралы хабарламаны аумақтық бөлімше (көрсетілетін қызметті беруші) және көрсетілетін қызметті алушы “электрондық үкіметтің” шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алады. Процестің сипаттамасын, нысанын, мазмұны мен нәтижесін, сондай-ақ өзге де мәліметтерді қамтитын, карантинге жатқызылған өнімді Қазақстан Республикасының аумағында тасуға арналған карантиндік сертификат беруге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі осы Қағидаларға 16-қосымшаға сәйкес “Карантинге жатқызылған өнімді Қазақстан Республикасының аумағында тасуға карантиндік сертификат беру” мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартында баяндалған.

Жүру жолында немесе межелі пунктінде карантинге жатқызылған өнімнің баратын мекенжайын өзгерту осы Қағидаларға сәйкес аумағында осы операциялар жүзеге асырылатын, аумақтық бөлімшемен (көрсетілетін қызметті берушімен) берілетін жаңа карантиндік сертификатты ресімдеу жолымен жүзеге асырылады. Қазақстан Республикасының карантиндік аймағынан әкетілген карантинге жатқызылған өнімді жүру жолында басқа мекенжайға жіберуге жол берілмейді. Орны ауыстырылатын карантинге жатқызылған өнім оның межелі, жеткізу пунктінде екінші рет карантиндік жете тексерілуі тиіс.

Егер тасымалдаушы мемлекеттік карантиндік фитосанитариялық бақылау мен қадағалауды жүргізу үшін карантинге жатқызылған өнімді көрсетуден бас тартса, онда ол иеленушінің қаражаты есебінен жөнелтушіге қайтарылуы тиіс, бұл туралы осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес карантинге жатқызылған өнімді қайтару актісі жасалады, бұл туралы өсімдіктер карантині жөніндегі мемлекеттік инспектор тиісті аумақтық бөлімшені (көрсетілетін қызметті беруші) хабардар етеді.

Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі көрсетілетін қызметті берушіге портал арқылы өтініш берген сәттен бастап – 1 (бір) жұмыс күн карантиндік сертификат үшін, ал фитосанитарлық сертификат үшін 3 (үш) жұмыс күн алады. Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны Электрондық (ішінара автоматтандырылған) немесе қағаз түрінде.

Мемлекеттік қызметтер Жеке және Заңды тұлғаларға тегін көрсетіледі.

Қосымша ақпаратты Тайынша аудандық аумақтық инспекциясынан мына мекенжай бойынша алуға болады: Солтүстік Қазақстан облысы, Тайынша қаласы, Советская көшесі, 191, телефондар: 8 (71536)2-18-73 және 8 7153623-2-17.

Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы: 1414, 8 800 080 7777.

Ерболат ҚАПАШЕВ, Тайынша аудандық аумақтық инспекциясының бас маманы – өсімдіктер карантині жөніндегі мемлекеттік инспекторы.

Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша аудандық сайлау комиссиясының ҚАУЛЫСЫ

Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданының Аmandық ауылдық округі әкімінің сайлауын тағайындау туралы

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық Заңының 113-1 бабына сәйкес Тайынша аудандық сайлау комиссиясы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. 2022 жылғы 11 қыркүйекке Тайынша ауданында сайлау тағайындалсын:

- Аmandық ауылдық округі әкімінің;
- 2. Осы қаулының қосымшасына сәйкес 2022 жылғы 11 қыркүйекке тағайындалған Тайынша ауданының Аmandық ауылдық округі әкімінің сайлауына дайындық және оны өткізу жөніндегі негізгі іс-шаралардың күнтізбелік жоспары бекітілсін.

3. Осы қаулы Тайынша аудандық сайлау комиссиясының интернет-бетінде және аудандық «Тайынша таңы», «Тайыншинские вести» газеттерінде жариялансын.

Аудандық сайлау комиссиясының төрайымы К. Еслямова
Тайынша қаласы 2022 жылғы 12 тамыз № 28/02

Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша аудандық сайлау комиссиясының ҚАУЛЫСЫ

Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданының Аmandық ауылдық округі әкімінің сайлауы бойынша сайлау округін құру туралы

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңының 14 бабы б) тармақшасы, 21 бабы 4 тармағы, 22 бабына сәйкес Тайынша аудандық сайлау комиссиясы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Тайынша ауданының ауылдық округі әкімінің сайлауы бойынша сайлау округі құрылсын:

1) Аmandық ауылдық округі әкімінің – Аmandық ауылдық округі шекарасында Аmandық сайлау округі;

2. Аудандық сайлау комиссиясының орналасуының мекенжайы және оның шекарасының көрсетілуімен сайлау округ туралы ақпарат Тайынша аудандық сайлау комиссиясының интернет-парақшасында және аудандық «Тайынша таңы», «Тайыншинские вести» газеттерінде жариялансын.

Аудандық сайлау комиссиясының төрайымы К. Еслямова
Тайынша қаласы 2022 жылы 12 тамыз № 28/01

Сайлау округ және оның шекаралары туралы ХАБАРЛАМА

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық Заңының 22-бабына сәйкес Тайынша аудандық сайлау комиссиясы Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы Аmandық ауылдық округінің әкімін сайлауы бойынша шекараларын көрсете отырып, сайлау округінің тізімдері туралы хабырлайды:

№ п/п	Ауылдық округінің атауы	Сайлау округі	Сайлау округі шекарасының сипаттамасы
Тайынша ауданы			
1	Аmandық	Аmandық	Аmandық а., Жанадаур а., Ильичевка а., Аймақ а.

Тайынша аудандық сайлау комиссиясының төрайымы К. Еслямова

Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы аудандық сайлау комиссиясының құрамы мен орналасқан жері туралы

ХАБАРЛАМА

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 13 бабы 4 тармағына сәйкес Тайынша аудандық сайлау комиссиясы Тайынша ауданы аудандық сайлау комиссиялардың құрамдарын және оның орналасқан жерлерін хабарлайды:

№ р/с	Аумақтық сайлау комиссияның орналасқан жері	Телефондар, факс	Аудандық сайлау комиссияның құрамы
Тайыншинская районная избирательная комиссия			
1	151000, Тайынша қ., Қазақстан Конституциясы к., 197 «Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы әкімі аппаратының» КММ ғимараты	Код 8(71536); тел./ факс 2-13-26	Төрайым – Еслямова Күлпаш Қалиқызы; Төрайымның орынбасары – Кочелабова Светлана Витальевна; Хатшы - Биньковская Виктория Викторовна; Комиссия мүшелері: Айдарханова Айсүлу Орынбасарқызы, Ғабдулина Марияш Токтарқызы, Иванова Ольга Федоровна, Сағандықов Руслан Ермұханбетұлы

Учаскелік сайлау комиссиялардың құрамдары және орналасқан жерлері, сайлау учаскелерінің шекаралары туралы

ХАБАРЛАМА

№ р/с	Сайлау учаскесінің нөмері	Учаскелік сайлау комиссияның орналасқан жері	Сайлау учаскесінің шекарасы сипаттау	Учаскелік сайлау комиссияның құрамы
Тайынша ауданы				
1	№ 454	Аmandық а., Школьная к., 12, орта мектеп ғимараты	Аmandық а., Жанадаур а.	Төрайым – Баймағанбетова Нұрсулу Султанқызы; төрайымның орынбасары – Ташенова Балхия Хажимуратқызы; Комиссия хатшысы – Нұрмағанбетова Асия Бейсенқызы; Комиссия мүшелері: Айтуарова Ляйла Еслямбековна, Аргенов Жумабек Кенесұлы
2	№ 455	Ильичевка а., Бесқарғай к., 2, орта мектеп ғимараты	Ильичевка а.	Төрайым – Жакупова Айгерим Мендибайқызы; төрайымның орынбасары – Байгүлбаева Жамила Сағымбайқызы; Комиссия хатшысы – Қасымова Айгүл Төлешқызы; Комиссия мүшелері: Жукен Шынар Ануарбекқызы, Каримжанов Канат Ақжолулы
3	№ 456	Аймақ а., Мира к., 25, негізгі мектеп ғимараты	Аймақ а.	Төраға – Куттүгужин Ораз Сапарұлы; төрайымның орынбасары – Әділбек Жарғанат; Комиссия хатшысы – Токсанбаева Раушангүл Темірбекқызы; Комиссия мүшелері: Есмағанбетов Әсет Советұлы, Тасимов Нариман Күркүтбайұлы

Тайынша аудандық сайлау комиссиясының төрайымы К. Еслямова

2022 жылғы 13 тамыздан басталады және 2022 жылғы 31 тамызда жергілікті уақытпен сағат он сегізде аяқталады (113-5-б.)

15. Әкімдікке кандидаттарды тіркеу туралы хабарды бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау Тайынша аудандық сайлау комиссиясы Кандидаттар тіркелгеннен кейін бесінші күннен кешіктірмей (113-5-б. 9-т.)

16. Үгіттік баспа материалдарын орналастыру үшін орындарды белгілеу және оларды жарақтандыру Тайынша ауданының әкімі және Тайынша аудандық сайлау комиссиясы Үгіт басталғанға дейін (28-б. 6-т.)

17. Сайлау алдындағы үгітті жүргізу Кандидаттарды тіркеу мерзімі аяқталған сәттен басталады және сайлау болатын күннің алдындағы күнгі жергілікті уақыт бойынша нөл сағатта аяқталады **2022 жылғы 31 тамыздан жергілікті уақытпен сағат он сегізден кейін басталады және 2022 жылғы 10 қыркүйекте жергілікті уақытпен сағат он сегізде аяқталады** (27-б. 2-т.)

18. Әкімдікке кандидаттарға сайлаушылармен кездесулері үшін үй-жайлар беру, кандидаттар мен олардың сенім білдірген адамдарының бөлінген үй-жайларда сайлаушылармен кездесу кестесін жасау және бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау Тайынша ауданының әкімі және Тайынша аудандық сайлау комиссиясы Сайлау алдындағы үгітті жүргізу кезеңінде (28-б. 4-т.)

19. Әрбір сайлау учаскесі бойынша әкім қол қойған сайлаушылардың тізімдерін сайлау комиссиясына акт бойынша ұсыну Тайынша ауданының әкімі Дауыс беру басталардан жиырма күн бұрын **2022 жылғы 21 тамыз** (24-б. 5-т.)

20. Сайлау учаскелері бойынша сайлаушылардың тізімдерін танысу үшін сайлаушыларға ұсыну Учаскелік сайлау комиссиялары Дауыс беретін күнге он бескүнқалғанда **2022 жылғы 26 тамыз** (26-б. 1-т.)

21. Сайлаушыларды дауыс беру күні, уақыты және орны туралы хабардар ету Учаскелік сайлау комиссиялары Дауыс беру өткізілетін күнге дейінгі он күннен кешіктірмей **2022 жылғы 31 тамыздан кешіктірмей** (18-б. 5) т., 38-б. 2-т.)

22. Дауыс беруге арналған сайлау бюллетень дерін учаскелік сайлау комиссиясына жеткізу Тайынша аудандық сайлау комиссиясы Ерте дегенде үш күн бұрын және сайлаудан кемінде бір күн бұрын **2022 жылғы 8 қыркүйектен бұрын емес және 2022 жылғы 10 қыркүйектен кешіктірмей** (37-б. 3-т.)

23. Дауыс беруге арналған сайлау учаскелерін ашу және тиісті хаттама жасау Учаскелік сайлау комиссиялары Дауыс берудің басталуына бір сағат қалғанда **2022 жылғы 11 қыркүйекте жергілікті уақытпен сағат 06.00-да** (40-б. 1-т.)

24. Дауыс беруді өткізу Учаскелік сайлау комиссиялары Сайлау күні жергілікті уақытпен сағат 07.00-ден 20.00-ға дейін **2022 жылғы 11 қыркүйекте жергілікті уақытпен сағат 07.00-ден 20.00-ға дейін** (38-б. 1-т.)

25. Дауыстарды санау және сайлау учаскесінде әкім сайлауы бойынша дауыс беру нәтижелері туралы хаттамалар жасау Учаскелік сайлау комиссиялары **2022 жылғы 11 қыркүйекте жергілікті уақытпен сағат 20.00-да басталады** (18-б. 8) т., 43-б.)

26. Дауыс беру нәтижелері туралы хаттаманың көшірмесін сайлау учаскесінің үй-жайында жалпықұрттық танысуы үшін арнайы белгіленген орынға ілу Учаскелік сайлау комиссиялары Хаттамаларға қол қойылғаннан кейін – дереу (43-б. 8-т.)

27. Сайлау учаскелерінде дауыс беру нәтижелері туралы хаттамаларды Аққайың аудандық сайлау комиссияларына ұсыну Учаскелік сайлау комиссиялары Хаттамаға қол қойылғаннан кейін – дереу (113-8-б. 1-т.)

28. Әкім сайлауының қорытындыларын белгілеу Тайынша аудандық сайлау комиссиясы Сайлаудан кейін үш күн мерзімнен кешіктірмей **2022 жылғы 14 қыркүйектен кешіктірмей** (113-10-б.)

29. Әкімдерді сайлау қорытындылары туралы хабарды бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау Тайынша аудандық сайлау комиссиясы Сайлау өткізілген күннен бастап төрт күннен кешіктірмей **2022 жылғы 14 қыркүйектен кешіктірмей** (44-б.)

30. Сайланған әкімдерді тіркеу, тиісті куәліктер беру Тайынша аудандық сайлау комиссиясы Сайлау өткізілген күннен бастап жеті күн мерзімде Сайланған әкімдерден жеті күн мерзім ішінде Конституцияға және Сайлау туралы Конституциялық заңға сәйкес әкім мәртебесімен сыйыспайтын міндеттерді доғаратыны туралы жазбаша өтініш алғаннан кейін **2022 жылғы 17 қыркүйектен кешіктірмей** (45-б., 46-б. 3-т., 113-11-б. 1-т.)

Ескертпе: Күнтізбелік жоспардың мәтінінде «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының нормаларына сілтемелер берілді.

САҒЫНДЫҚ ӘКЕ, ӨЗІҢДІ...



Красноармейск ауданы Еңбек ауылының тумасы, асыл Әке, адал жар, немерелері мен шөберелерінің сүйікті атасы

АМАНБАЙ ҚАЖЫ ҚАЗЕЗҰЛЫНЫҢ

дүниеден өткеніне 10 айдан асты

10 ай өтті өмір-өзен тоқтағалы,

Жүрегі нар тұлғаның соқпағалы,

Кең дүние тарылып баршамызға,

Сағынып, Әке сені жоқтағалы.

Жыладық бұл қайғыға көне алмадық,

Келер деп өзімізді көп алдадық,

Алайда нұр бейнеңді жарқыраған,

Суреттен басқа жерден көре алмадық,

Әке сенің жоқтығың сезіледі,

Әлі күнге жүрегіміз езіледі,

Сені күтіп, сағынып іздеуменен,

Жанұяң қайғы жұтып егіледі.

10 ай өтті өзіңді көрмегелі,

Шаттанып босағадан кірмегелі,

Бір өзіңді көргенде мәз болатын.

Ұрпағыңды құшағыңа ап сүймегелі.

Шара бар ма тағдырдың бұл ісіне?

Алсын дейміз халықтың бәрі сені есіне,

Жоқтығын жанымызға қатты батты,

Жан Әке!

10 ай өтті асқар тауым құлағалы,

10 ай өтті Анам іздеп жылағалы,

Жүрегіміз Әке деп соғады әлі,

Ұрпағыңда керектің бәрі бар,

Біздерге жетпей тұрған өзің ғана.

Сағындым ӘКЕ өзіңді,

Сағындым ӘКЕ өзіңді

Асыл Әкем! Жатқан жерің жарық болсын!

Рухың жәннатта болсын! Дұғамыз қабыл

болсын.

Сағынып еске алған жұбайы: Күландам, балалары, немерелері, шөберелері.

САҒЫНЫШПЕН ЕСКЕ АЛАМЫЗ

Мейірімі мол ардақты әкеміз, атамыз **Исбулатов Қанат Жолдасбайұлы** жарық дүниеден өткелі 8 жыл толды. Егер ортамызда жүрсе, тамыздың 20 жұлдызы туған күні деп отбасында қуанышты да мерекелі күннің күәсі болар едік... Әкеміздің туған күні болғанда, ағайын-туыс жиналатынбыз, ән айтып, қазақтың қара домбырасынан күй шертіп, мәзмейрам болатынбыз. Анамыз жылы-жұмсақ, тәтті тағамдарын дастарханға тізіп, шынымен де ерекше бір қуанышты күн болатын.



Әкеміз анамыз екеуі бақытты ғұмыр кешті, ұрпақ тәрбиеледі, баршамызға жан шұағын төккен жанашыр жандар болды. Сол күндердің бәрі артта қалды. Өкінішті. Әкеміз біздің ақылшымыз, тамырын тереңге жайған бәйтерегіміз ретінде біздің жадымызда мәңгілік сақталары сөзсіз.

*Өн бойынан сезуші едік жылылық,
Жүруші едік біз де соған жылынып.
Әкесі бар адамдарға бүгін біз
Сүйсініп те қараймыз-ау қызығып.*

*Дидарынан нұр төгіліп тұратын,
Сол бір нұрдың сыры көпті ұғатын.
Біздерге арнап жұмсады ғой шалдықпай
Бойындағы қажыр-қайрат, қуатын.*

*Ардақты, Әке біздер үшін қымбатсын,
Деп тілеуші ек таңымыз да бірге атсын.
Ажал көші әкеткенмен өмірден,
Балаларыңның жүрегінде мәңгілікке тұрмақсын.*

Міне, отбасылық жақсы күндеріміз бәрі артта қалды... Ағайын-туыстың қабырғасын қайыстырып, жүрегін сыздатқан қаралы оқиғаға қалың қауым жиналғаны да есімізде.. Ал, бүгін әкемізді, ақылшы атамды, жан жолдасымызды сағынышпен еске ала отырып айтарымыз: Сіз біздің өмір тарихымыздың мәңгілік сақталар кейіпкері боласыз. Сіздің өмір жолыңыз, атқарған еңбегіңіз кейінгі ұрпаққа үлгі болары сөзсіз!

Азайды арқа сүйер қатарымыз
Айрылып асыл жаннан қапалымыз.
Қош бол, Әке топырағың торқа болсын
Пейіште жолдас болсын иманыңыз.

Сағынышпен еске алушылар: жұбайы, балалары, немерелері.

«МЕКТЕПКЕ ЖОЛ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ АКЦИЯСЫ

ҚР Оқу-ағарту министрлігі Балалардың құқықтарын қорғау комитеті «Мектепке жол» республикалық қайырымдылық акциясын іске қосты. Балалар жылында бұл акция «Мектепке жол – Шекарасыз жақсылық» ұранымен өтіп жатыр. Акция 2022 жылғы 1 тамыз айынан 30 қыркүйекке дейін жалғасады. Науқанға кез келген адам қатыса алады: еріктілер, бизнесмендер, меценаттар, үкіметтік емес ұйымдар және т.б. Қатысушылар мұқтаж отбасылар мен балаларға қолдау көрсете алады немесе керісінше көмек сұрай алады.

«Акция аз қамтылған, көп балалы отбасылардан шыққан мектеп оқушыларына, жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға қажетті көмек көрсету мақсатында өткізіліп отыр. Балаларды жаңа оқу жылына дайындауға кез келген адам көмектесе алады. Осылайша әлеуметтік себептермен балалардың мектепке бармауының алдын аламыз. Әрбір мектепте әлеуметтік көмекке мұқтаж балалардың атаулы, жеке тізімдері жасалған. Білім беру ұйымдарында «жедел желі» үздіксіз жұмысы ұйымдастырылған. Қиын өмірлік жағдайға тап болған барлық бала мен ата-ана көмек сұрай алады. Өз кезегінде бей-жай қарамайтын азаматтар, кәсіпкерлер, меценаттар акцияға қосылып, мұқтаж жандарға қол ұшын соза алады.

«Мектепке жол» акциясына қатысу үшін «Амандық орта мектебі» КММ сенім телефонына хабарласу қажет. 8 (71536)-4-28-38., +7 775 174 4981

С.Ж.ШАХМЕТОВА,

«Амандық орта мектебі» КММ Әлеуметтік педагог.

«ЖАҚСЫЛЫҚ ЖАСАУҒА АСЫҒАЙЫҚ!»

2022 жылы «Мектепке жол» Республикалық акциясы балалардың құқықтары мен мүдделерін қорғауды қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 19 қаңтардағы №780 Жарлығымен жарияланған Балалар жылын іске асыру шеңберінде өткізіледі.

Қазақстан Республикасының әрбір азаматы халықтың әлеуметтік осал топтарынан шыққан балаларды мектепке дайындауда атаулы көмек көрсетуде азаматтық белсенділік таныта алады, оның мектепке жолы қуанышты болуы үшін әрбір балаға шынайы қамқорлық пен назар аудару алады.

Акцияның мақсаты — аз қамтылған және көп балалы отбасылардан шыққан оқушыларға, жетім балаларға, сондай-ақ ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға оқу жылының басталуына дайындық кезінде материалдық қолдау көрсету және әлеуметтік себептер бойынша балалардың мектепке келмеуінің алдын алу.

Жақсы істің жемісті болуы оның жүйелі жүзеге асырылуымен Мектепке жол» қайырымдылық акциясының аясында Аймақ негізгі мектебі биыл да көптеген қамқорлық шараларын көрсетсек деген мақсатпен акциясының бастауы жасалынды. Көмек қолын созамын деген жанашыр жандарды күтеді. Мектебіміздің байланыс телефонына хабарласа аласыздар! 8 (71536)73-6-91, 87024876787

Д.К.ШАРИПОВА

Аймақ негізгі мектебінің әлеуметтік педагогы.

БАРЛЫҚ СОТТАЛҒАНДАР БІРДЕЙ ЕМЕС

Қоғамнан оқшаулаумен байланысты емес әртүрлі қылмыстық жазаларға сотталған азаматтар көбінесе сот процесі аяқталғаннан кейін есепке тұру үшін пробация қызметіне келуді ұмытады немесе саналы түрде есепке тұруға мүлдем келмейді. Осылайша олар өздерінің жағдайын өздері нашарлатады.

Сот үкімін алғаннан кейін оны орындау үшін пробация қызметкерлері сотталушының тұрғылықты мекен-жайына барып, өзімен немесе бірге тұратын адамдармен әңгімелеседі. Оларға қылмыстық-атқару заңнамасының ережелерін түсіндіріп, сондай-ақ, қажет болған жағдайда жұмысқа орналастыру және психологиялық жағынан көмек көрсетеді. Тіпті, мамандық алу үшін қысқа мерзімді оқуға баруға болатынын түсіндіреді. Болашақта үлгілі мінез-құлқы

үшін жазадан мерзімінен бұрын босатылудың да мүмкіндігі бар екенін ескертеді.

Саналы азаматтардың көпшілігі өздері үшін дұрыс тұжырымдар жасайды, тіпті еріктілер қатарына жазылып, жақсылық жасауға ұмтылатындар да бар. Өкінішке орай, барлық сотталғандар бірдей емес. Оларды жұмысқа орналастырғанымен бұрынғы өмір салтын өзгертпейді. Мысалы, 2022 жылдың басынан бастап 7 сотталғанның бас бостандығын шектеу жазалары бас бостандығынан айыру жазаларына ауыстырылып, жаза өтеу тәртібін қасақана бұзғандары үшін түзеу мекемелеріне жіберілді.

СҚО бойынша ҚАЖД Тайынша аудандық пробация қызметі бөлімінің бастығы әділет майоры А.М. Уваисов.

Меншік иесі: «Тайынша таңы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

Газет аудан әкімінің қолдауымен шығып, мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу жөніндегі ресми басылымы болып табылады.

Индекс: 65710

Газет әр аптаның жұма күні шығады.

**Директор -
Бас редактор
Гүл НҰРАЛИНА**



Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігінде 2010 жылғы 20 қазанда қайта тіркеліп №10803-Г куәлігі берілген

Газет «Тайынша таңы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің компьютерлік орталығында теріліп, беттеліп, «Старкова А.А.» ЖК-де офсеттік тәсілмен басылған 020000. Көкшетау қаласы, Әуелбеков көшесі, 98 ұй.

Тапсырыс: 273. Таралымы: 1300.

МЕКЕН-ЖАЙЫМЫЗ:

Солтүстік Қазақстан облысы, Тайынша қаласы, Қазақстан Конституциясы, 206-үй.

БАЙЛАНЫС ТЕЛЕФОНЫМЫЗ:

8 (715-36) 23-08-51

Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Қолжазба қайтарылмайды. Келген хаттарға жауап жолданбайды. Жарнаманың, келіп түскен материалдардың мазмұны мен мәтініне хабарлама беруші автор өзі жауапты.